Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал

№02 (99) ақпан 2021 жыл

1 бөлім

Қазақстан ұстазы

Редактор шкафы

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ТІРКЕЛІП, №12807 - Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БАСПАСЫ
«Білім әлемі»

Бас редактор –
Усинбаева Н.М.
Редактордың орынбасары -
Байбосынова А.
Әдістеме бөлімінің редакторы –
Култаева Кульдана Нурбосынқызы

Редакция алқасы:
Текесбаева Анар
педагогика ғылымының кандидаты, доценті
Бидайбекова Айгул Қунанбеккызы
БАҰО «Өрлеу» АҚ Алматы қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты «Инновациялық даму бөлімінің аға ғылыми қызметкері
Кошекбаева Б.Ғ.
Алматы қаласы №167 жалпы білім беретін мектептің директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары

Теруге: 2021 жылдың 02.05 күні жіберілген
Басуға: 2021 жылдың 02.20 күні қол қойылды
Таралымы: 500 дана
Басылым индексі: 74573

Редакцияның мекен - жайы:
Түркебаев 42-85, кілісы Төле би

Байланыс телефондары:
Тел: +7 (727) 374-01-77
+7 (727) 265-86-91
Пошта e-mail:
Bilim_alemi.kz@mail.ru
peryzat2011@mail.ru

Қазақстан ұстазы

№02 (99), ақпан 2021 жыл

Ай сайын шығатын республикалық ғылыми – әдістемелік педагогикалық журнал.
Журнал қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Мазмұны

Дильдебаева Лазат Садыққызы
Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық кабілеттерін дамыту.....4
Абдугаппарова Умида Суннатуллаевна
Почему люди путешествуют. Сложные имена существительные.....7
Әльдебекова Фатима
Тігін бұйымын трансформациялау және безендіру 12
Жарлыганова Салтанат Кумашаевна
Ағылшын тілін орта мектепте оқыту үрдісінде корнекілік принципінің рөлі.....17
Жанылхан Улпан Жабаевна
Применение инновационных технологий на уроках математики.....20
Рахметов Қуаныш
ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....23
Ногайбеков Азамат Бектайевич
Эстафеталық ойындар.....27
Дуйсембаева Куралай Узакбаевна
Организация самостоятельной работы учащихся с учебником.....31
Арыстанова Жазира
Рухани жаңғыру Тәуелсіз Қазақстанның жаңа қарқынды даму кепілі.....34
Иланова Кулянда Аскаровна
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..37
Станбекова Айман Армиевна
Акикатты іздеу жолында.....41
Назгуль Танатар Балкенкызы
ДОМБЫРА АСПАБЫНДА ОЙНАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....44
Дюсенбекова Л.Н
Тақырыбы: «Қазақтың қара домбырасы».....47
Рысбаева Бибигуль Маратовна
Қазақ халқының ұлттық аспабы-домбыра.....53

Барлық авторлар мақаласының электронды нұсқасын флешка не диск әкелуі не редакцияның электронды поштасына жіберуі тиіс. Бір беттік мәтін, әлем болмаса мақала факспен қабылданбайды. Мақалалар авторлардың стилі, орфография хақы сақталып жіберілді. Авторлық байлам, тұжырымы редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Жарияланымдағы деректердің ақиқатығына автор жауапты. Көшіріп басылса не пайдаланылса, сілтеме жасалуы тиіс.

Директор школы А.Б. Есенкеева

Караганды қаласы
КМКК»К.Аманжолов атындағы БММ «
Домбыра сыныбының ұстазы
Дюсенбекова Л.Н

ТАҚЫРЫБЫ: «ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ДОМБЫРАСЫ»

I.I. Домбыраның тарихы.

Домбыра – сан ғасырлардан бері сырын сақтаған, қазақ даласында кеңінен танымал аспап. Дегенмен домбыра әр аймақта әртүрлі болып келеді.

Домбыра – қазақ халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән-жыр, ертегі, аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды.

Этнографтардың жазып қалдырған еңбектеріне жүгінсек, домбыра және өзге халықтың осы тектес аспаптары тіпті сонау орта ғасырларда белгілі болған екен. Мысалы, Әбу Насыр Әл-Фарабидің еңбектерінен тамбур аспабы жайлы оқимыз.

Қазақтың халық аспабы домбыра XIV ғасыр жазбаларында кездеседі. Көне Шумер тілінен аударғанда «кішкене садақ» деген мағына береді.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы аумағынан шамамен 2,5 ғасыр бұрын табылған таста қашалған суреті мен 16 ғасыр бұрын Мысыр еліндегі Нахт кабіріне салынған пішінінен еш өзгермеген. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап.

Музыкалық ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады.

Аспап әртүрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалады. Аспап үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді.

Қазақстанның батыс аудандарында домбыра тартудың өзгелерге ұқсамайтын бөлек дәстүрі қалыптасқанын айту керек. Батыс аудандардағы домбыраның негізгі өзгешелігі, көлемі үлкен болып келеді. Сондай-ақ шанағы сопақ, мойны жіңішке, перне саны көбірек. Сондықтан мұндай домбыраны тартқанда қолданылатын техникалық тәсілдерді шанағы жалпақ домбырға қолдану қиын, себебі бұл соңғы домбыраның мойны едәуір кеңі және ондағы пернеде аз еді. Перне санын дамытыру процесі өте баяу жүрді және оның өзі орындалатын репертуарға тікелей байланысты еді. Әдетте, жаңа перне онымен алғаш орындалатын күйдің атымен аталынды. Пернелердің бірі домбырада «Түрікпен күйін» орындағанда байланды да, «Түрікпен пернесі» деп аталды. Бейтарап терция интервалын беретін басқа бір перне Қазақстанның батыс аудандарында «Сарыарқа пернесі» деп аталады.

Аңыздардың бірінде аспаптағы жоғарғы тиектің қалай пайда болғаны жайында айтылады. Жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шегіп әбден қажырап келе жатқан батыр жолшыбай демалуға аялдайды. Сайдың ішінде саялы жерде жайғасып отырған соң талдан бір шыбық кесіп алады. Оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығармақ болып көреді. Бірақ қолдан жасалған тым жұпыны аспаптан ешқандай үн шығатын емес, тым-тырыс, меңіреу күйінде қала береді. Батыр оны жанына тастай салады да, өзі қисайып жатып ұйықтап кетеді. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жатқан дауыстан оянып кетеді. Қолына алып қараған батыр аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді. Оны әлдебіреу ішектің астынан келтіріп орнатып қойған екен. Батыр: «Е, бұл сайтанның ісі болды ғой», – деп ойлайды. Бәлкім содан бері қалған сөз болса керек, халық арасында жоғарғы тиекті «шайтан тиек» деп атайды.

Домбыра аспабында халық күйлерін ғана емес, батыс және шығыс классикалық шығармаларын, танымал туындыларын орындауға болады.

II. Негізгі бөлім:

2.1. Домбыраның құрылысы.

Аспап әртүрлі үлгіде тұтас ағаштан ойып жасала-

Директор мектеп А.Б. Есполова

ды. Тоғыз, он бір, он төрт, жиырма төрт пернесі болады. Күй арнайы құлақтарымен келтіріледі. Аспап үш қоныр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді.

Домбыра әр казактын жүрек пернесін шертер күй болып төгілді, әсем әнге сүйемел болады, өсиетті жыр-толғауларға аркау болады, термелерді тербейді.

Қазақ даласында қалыптасқан күй мектебі осы күнге шейін өз маныздылығын жоғалтқан емес. Күй атасы Құрмангазы дүниеге келген батыс топырағынан қаншама күйшілер шығып, әлемді мойындатты. Домбыра XXI ғасыр бренді.

Шығыс халықтарының әрбірінде домбыраға ұқсас бірнеше ішекті аспаптары бар, бірақ казак үшін домбыраның орны әрдайым өзгеше.

Домбыраның құрылысы:

Домбыра 3 бөліктен тұрады:

1.Бас бөлігі

2.Мойны

3.Шанак

Бас бөлігінде: құлақтары мен шайтан тиегі орналасады.

Мойнына: пернелер орналаскан.

Шанағына: тиегі, ойығы, түймесі, ішегі орналасады.

Ал енді мойын бөлігін талдап жіберелік. Оны мына сызбадан коруге болады.

Бұл Таласбек Әсемқұловтың жетілген терминологиясы.

Домбыра – әрбір құрылымдық элементтерінің қызметін жалпы физикалық күрделі заңдармен түсіндірілетін ұлттық акустикалық – аспап.

Домбыраның жалпы ұзындығы – 640 мм, оның шанак бөлігінің ұзындығы – 260 мм, ал мойнының ұзындығы – 320 мм. Ол пернелерінің атауларымен қоса алғанда 35 бөліктен тұрады.

Домбыраны жасамас бұрын ағашына мән беру керек.

Домбыраның құрылысы мынадай 32 атаулан құралады.

1.Бас
2.Құлақ
3.Бас тиек
4.Шайтан тиек
5.Мойын
6.Перне
7.Мойынғақ
8.Сағақ
9.Шанак
10.Ернеулік
11.Көмкерме
12.Шанакша
13.Белағаш
14.Сулық
15.Тілше
16.Серіппе
17.Тиек
18.Тұғыл
19.Қақпақ
20.Қауышақ
21.Кергіш
22.Өкшелік
23.Тұғыр
24.Түйметиек
25.Түйір
26.Түйме
27Желкелік
28.Кіші тиек
29.Өкшетиек
30.Ішек
31.Астаңғы ішек
32.Үстіңгі ішек.

2.2. Домбыраның түрлері.

Домбыраның казіргі кезде 20-дан астам түрлері бар.

Директор школы А.Б. Еспанова

V ғасырында (б.з.) жасалған Қара домбыра – толтума бейнесі



Олардың ішінде:
Ән мен күй домбырасы
Торсық
Тұмар
Кен шанақты (екі нұсқасы)
Балдырған
Балашық
Шіңкілдек
Аша
Үш ішекті
Қуыс мойын
Шертер
Оркестр домбыралары

1. Батыс Қазақстан домбырасының үлгісі

2. Арқа домбырасының үлгісі



Коссаз – тұтас ағаштан ойып жасалатын бес ішекті аспап. Шанақтың бірінің бет қақпасы ағаштан, екіншісі термен жабылса, кей жағдайда екі бетті де ағашпен жауып жасалады. Мұндай домбырада ойнау өте күрделі. Ел ішінде мұны кейде «Коссаз», «Ко

домбыра деп атайды.

Аспап аспабын жасау технологиясы өте күрделі. Негізінен темен, шетен, қайын, шамшат ағаштарын пайдаланады.



Шіңкілдек – шағын үлгіде жасалатын, балаларға арналған екі ішекті аспап, ұзындығы 45-50 см, ені 8-10 см болып келеді, шанағы құрамалы немесе тұтас ағаштан ойып та жасалады. Сыртына ою-өрнек салынып жасалатын пәзік, ашық үнді аспап. Аспап негізінен 4 – 7 және 7 -10 жас аралығындағы балаларға арнап жасалады. Жасалу тәсілі қарапайым. Домбыра жасау әдісімен ортақ.



Қос ішекті домбыра – бұл домбыра тобындағы әлі де болса сирек қолданылатын нұсқасы. Бұл домбыра Шығыс және Орталық Қазақстан өңірлерінде дамыған. Кәдімгі екі ішекті домбыраның құрылысы. Аспап ішек саны бұрауы және ішекте орындалатын күй шығармаларымен ерекшеленді.

Шанағы ұзынша, бұрышты бет тақтайы қайыннан жасалынған. Шегелермен бекітілген, мойны жалпақтау болып келеді.

Желбезекті домбыра – екі ішекті, шанағы

Директор школы: А.Б. Естамшева

[illegible] халыкта. Кезінде [illegible] ұлы [illegible] [illegible] ұлы [illegible] [illegible] [illegible]

Осындай таланттың тұлғаның бірі атақты күйші Құрманғазы Сағырбайұлы туралы айтып өткенді жөн санадым.

Құрманғазы Сағырбайұлы – 1818 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңғазы ауданының Жиделі елді мекенінде дүниеге келген. Күй атасы. Атақты композитор, қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі.

Шыққан тегі – Кіші жүз, он екі ата Байұлының ұрпағы.

Күйлері: «Қайран шешем», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Аксақ киік», «Сарыарқа», «Адай» т.б.

III. Қорытынды:

3.1. Домбыраны зерттеу нәтижелері.

Әртүрлі үлгідегі домбыралардың қақпақтары зерттелінді. Қақпақтың жеке болшектерін құрастырып жинағаннан кейін серпінін белгілеу үшін кергіш орнатылады. Қақпақты шанаққа отырғызғаннан кейін топты жаңғырық пайда болады. Бұл шанақ пен қақпақтың арасындағы бір тұтас жаңғырық болып саналады.

Қалаған үнді келтіру үшін қақпақтың [illegible] жасау [illegible] бар. Қажет [illegible] сапасын [illegible] керек.

Берілген [illegible] жүргізу [illegible] қақпақтың көлемі [illegible] жиілігі [illegible] тербеліс қасиеті де [illegible] жиілігі [illegible] қақпақты құрастырған және күйге келтірген шамасы, сондай-ақ оның параметрлерін өзгертпеуге осы жайларды ескерудің маңызы өте зор. Қаншалық тербеліс жиілігі оның физикалық қасиетіне іс байланысты дедік. Көлемі бірдей ағаш тақтайдың физикалық қасиеттері әртүрлі болса, олардың шығатын дыбыстың айырмашылығы да үш алтым тонға дейін алшақтайды. Жас ағашқа қарағанда кептірілген ағашты күйге келтіру оңай.

Қақпақ бірнеше шағын тақтайды жеммен біріктіру арқылы жасалынады. Қақпақты құрайтын тақтайлардың физикалық қасиеттері мен түсі бірдей болуы шарт. Тақтайша ағаштың табиғи жолақтары бойынша бір бағытта жымдастырылып біріктіріледі. Ені – 250 мм, ұзындығы – 400 мм және қалыңдығы – 2,5 мм етіп құрастырылған қақпақтың тербеліс жиілігі 233 > 08 – 277,12 гц шамасында болмақ.

Талдау мынаны көрсетті:

шанақтағы қақпақтың тербеліс жиілігі 281,5 гц-ге тең. Домбыра альт қақпағының көлеміне қарағанда (ені – 195 мм, ұзындығы – 344 мм) мұндай тербеліс жиілігі оны бөліп алғанда да сол күйінде қалдық Қақпақтың қалыңдығы 2,3 – 2,5 мм шамасында, артқы серіппенің биіктігі – 2,2 – 2,7 мм, оның ені – 6,4 мм, алдыңғы серіппенің биіктігі – 2,2 – 2,7 мм, оның ені – 6,4 мм, алдыңғы серіппенің биіктігі – 2,2 – 2,7 мм, оның ені – 4 мм.

Домбыра шертудің «сұқпа» (сұқ және орта саусақпен шертіп ойнау), «жап тақымта» (ішекті бос күйінде қағып, пернені басып отыру), «іліп-қақпай» (ішекті іліп қагу), «теріс қақпай» (жоғары – төмен) деп аталады.

Домбыра – халық даналығы. Ол халқымыздың өмір тәжірибесі мен табиғат, адам, әлем туралы білімдерін, философиялық көзқарасын бейнелеп, оларды атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырды.



Мәдениетіміздің дәстүрінде көптеген кәсіби күйші-композиторлар қалыптасып, күйшілік дәстүр көптеген мектептерге бөлінді. Бұл күйші-композиторлар өзіндік стильдік ерекшелігімен, қағыс техникасымен, музыкалық тілімен, орындау шеберлігімен оқшауланып өнерімізде жарқын із

Директор школы А.Б. Рсалиева

[illegible] Домбыра [illegible] Домбыра [illegible] Домбыра [